



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16. 04 2018 ж.

Қызылорда қаласы

№ 150-Ө

город Кызылорда

### Банкроттықты басқарушыны босату туралы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №4360-17-00-2/2947 санды шешімі негізінде және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 89-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Дандибеков Тулеубек Алиевич «СПМК Арслан» ЖШС-нің, БСН 001140003406, мүліктері мен істерін басқарудан 2018 жылғы 16 сәуірден бастап босатылсын.

2. Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2017 жылғы 29 маусымдағы №205-Ө бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

3. Дандибеков Т.А. үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б. Ақжігітке жүктелсін.

Департамент басшысының м.а.

М. Қалдарбеков

